



Кафедра: Ортопедиялық стоматология

Тақырыбы : Ортопедиялық
СТОМАТОЛОГИЯ клиникасында науқасты
тексеру әдістері



Орындаған: Тасилова Н.
Факультет : Тіс емдеу
Тобы: 12-002-01
Қабылдаған: Есіркепов А.А

Жоспар:

- Кіріспе
- Стоматологиялық науқасты тексерудің негізгі мақсаты
- Негізгі бөлім
- Негізгі тексеру әдістері
- тексерудің арнайы әдістері
- Қорытынды

Стоматологиялық науқасты клиникалық тексерудің негізгі мақсаты-дәрігер-стоматологқа келген адамның ауруын дұрыс анықтап, тиімді емдеу әдісін таңдап алу және оны жоғары деңгейде жүргізу. Стоматологиялық науқасты тексеру жалпы медициналық қағидаларға негізделе отырып жүргізіледі және бет-жақ аймақтары ағзаларының жағдайын тексеру науқасты жалпы тексерудің маңызды бір тізбегі болып саналады.

Тексеру әдістері:

- Клиникалық (науқастан анамнез жинау, сырт келбетін қарау, ауыз қуысы шырышты қабатын зерттеу, тіс пен тіс қатарын қарау, шықшы буыны мен шайнау бұлшық еттерін тексеру)
- Параклиникалық (науқасты инструменттер, арнайы аппараттар арқылы зерттеу)

Сұрап тексеру:

Науқасты сұрап тексеру

- Шағымдарды анықтау;
- Шағымдарды нақтылау (детализация);
- Аурудың басталуын және дамуын анықтау;
- Аурудың ағымын бағалау;
- бұрын жүргізген емнің нәтижесін қарау.



Анамнез жинау

Анамнез жинау науқасты қараудың бірінші кезеңі, науқастан шағымдарын, сырқат тарихын және өмір тарихын айтып беру сұралады. Анамнез мынандай бөлімдерден тұрады:

- 1) Шағымдар*
- 2) Осы аурудың анамнезі*
- 3) Науқас өмірінің анамнезі*
- 4) Отбасы анамнезі*

Анамнез жинағанда ең алдымен маңыздысы аурудың ең алғашқы белгілерін, аурудың даму ерекшеліктерін, өткізілген емнің түрі мен көлемін анықтайды

Аурудың анамнезі (morbi):

- Протез қашан салынды?
- Қандай протез салынды?
- Салынғанына қанша уақыт болды?
- Салынған протез қандай материалдан жасалды?

Өмірдің анамнезі (Vitae):

- Туып өскен жері
- Мекен жайы
- Өндірісте жұмыс жағдайы
- Тұрмыстық жағдайы
- Бұрын және кәзір қандай жұқпалы аурулармен ауырады (туберкулез, мерез және т.б.)
- Диспансерлік есепке тіркелгені жөнінде мәлімет
- Аллергоанамнез
- Зиянды әдеттер

Қарап тексеру:

Қарап тексеру әдісінің негізгі мақсаты-дәрігер-стоматологқа шағым айта келген адамның бет-жақ аймағындағы патологиялық үрдісті анықтау.

Бет әлпетін сырттан қарау:

- Науқастың жалпы жағдайы (**habitus**);
- Беттің тепе-теңдігін (симметриясын);
- Терінің түсін;
- Еріннің қызыл жиегінің, мұрын-ерін қатпарларының айқындалуы
- Тыныс алуын(мұрынмен және ауызбен), жұтынуын тексеру

Көру мүшелерін тексергенде – көз симметриялығына, тығыз жабылуына, қабақтың қимылына, көз алмасының өзгерістеріне (мүлдем жоқ болуы, деформациясы, шарасынан шығып тұруы немесе ішке кіруі), көздің қарашығының формасынан, жарыққа реакциясына, конвергенциясына, аккомадациясына назар аударған жөн.

Саусақтардың көмегімен көздің өткірлігін тексеріп, оның шұғыл төмендегіндігін немесе мүлдем жоқтығын анықтауға болады. Сондай-ақ, заттың көз алдында қосарлануы байқалса, ол көзді (қимылдататын) кері тартатын немесе шығыршықты жүйкелер қызметтерінің жетіспеушілінен және жоғарғы жақ сүйегінен-көз саңылауына еніп, өсіп бара жатқан ісіктің әсерінен, көз алмасының жоғары қарай жылжып кетуінен болады.

Мұрынды тексергенде-оның пішіміне, сүйекті-шеміршекті бөлігінің өзгерістеріне (ақауы мен деформациялары), мұрын қуысының шырышты қабықтарының түрін және бөліп шығаратын затының сипатын анықтайды.

Ерінді тексергенде - оның анатомиялық пішініне, жоғарғы және төменгі еріндердің бірдейлігіне, қимылы мен тығыз жабылуына, езулерінің симметриялылығына көңіл бөлу керек.

-шықшыт буынын тексеру:

(Көбінесе науқастар буынның сыртылдауына, ауруына, ауыздың толық ашылмауына, бас ауруына, есту қабілетінің төмендеуіне шағымданады. Аурудың жағдайын сұрап болған соң буынды саусақпен тексереді. Ол үшін саусақтарды құлақ жарғағының түйінінің алдындағы теріге салады немесе саусақтарды сыртқы есту тесігіне енгізеді

-шайнау бұлшық еттерін тексеру (бұлшық еттің өзін саусақпен тексергенде, бас бармақ оның алдыңғы шегіне салынып, басқалары артқы шекте орналасады)

-лимфа түйіндерін тексеру

-ауыз қуысын тексеру

-тістерді қарау

-тіс қатарын тексеру

-тістем түрін тексеру

-пародонтты тексеру

-шырышты қабатты тексеру

-ұртты, тілді тексеру

Ауыз қуысының кіреберісін қарап тексеру

- Айна, зонд, пинцет көмегімен жүргізіледі.
- Ауыз қуысының кіреберісін, еріннің қызыл жиегін және еріннің кілегей қабығын қарап тексеру.
- Ұрттың кілегей қабығын қарап тексеру.
- Тіс қатарларының ара қатысын анықтау (тістесуін).
- Қызыл иекті қарап тексеру.

ауыз қуысын қарап тексеру

Кілегей қабығының:

- - түсін;
- - ылғалдылығын;
- - қызарған жерлері бар ма;
- - домбығуы бар ма;
- - бөртпелер бар ма (беткей және терең жаралар, қақтар және т.б.);
- - сілекей бездерінің шығаратын түтіктері.



ауыз қуысын қарап тексеру

Тіл:

- Қозғалғыштығын;
- Тілдің бүртіктерін;
- Қақтар бар ма;
- Бүртіктерінің атрофия немесе гиперплазия ошақтары бар ма;
- Бүйір бетінде тістердің іздері бар ма және т.б.

Шұқып тексеру :

- Зонд көмегімен жүргізіледі.
- Зондылау арқылы бар бітемелердің сапасын, тіс-қызыл иек қалтасындағы, тістер мойны жанындағы жасанды сауыт шеттерінің дұрыс орналасуын ,салмалардың
- немесе жасанды суыттың қырлары бар ма жоқ па нақтылайды

Қағып тексеру - перкуссия

- Айнаның, зондтың, пинцеттің сабымен жүргізіледі
- 1) Вертикальды перкуссия.
- 2) Горизонтальды перкуссия.
- Сау тістен бастайды (салыстырмалы перкуссия)
- Перкуссияны тістің пульпит, периодонтит жөнінде емделген бітемесі бар тістерге жүргізіледі

Пальпация

- - сипап тексеру.
- Ауру сезімін, ісінгенін, домбыққанын, тығыздалғанын, кілегей қабығының қозғалғыштығын, инфильтратын, флюктуацияны (абсцесс пайда болуын) және т.б. анықтау үшін
- Сипап тексеруді сау жерден , ақырын зақымдалған (қабынған) жерге жақындап бастау арқылы жүргізеді.



- *Сипап тексеру әдісі ауыз ішінде әр түрлі патологиялық үрдістердің ошағын, даму тегін, қалыпты және патологиялық тіндердің қозғалмалылығын, шекарасын, ауырғыштығын анықтау үшін жүргізіледі. Бір жағдайда оны тек сұқ саусақпен сипау арқылы, екінші жағдайда кілегейлі қабықты бас бармақ және сұқ саусақпен, үшінші жағдайда екі қолдың сұқ саусақтарының көмегімен жүргізіледі. i*
- *Тіс сауытын саусақпен тексеру: тіс бетінің, бітеменің тегіс болмауы, бітеме шетінің шығып тұруы, жасанды сауыт шетінің тіс мойнына тығыз жатуы,*
- *Шырышты қабықты саусақпен тексеру: қызыл иекті басып көргенде іріңнің шығуы, экзостардың бар болуы, торус шекарасы, шырышты қабықтың қабынуы, ауырсыну.*

әдістері:

Рентгенологиялық

Функциональды

Зертханалық

Статистикалық әдіс

- **Электромиография** (тістерді жартылай немесе толық жоғалтқанда шайнау бұлшық еттерінің қызметін зерттегенде, шықшыт буыны мен шайнау бұлшық еттері ауруларында қолданылады)
- **Мастикациография** (төменгі жақ сүйек шайнау қиылдарының графикалық бейнесін түсіру)
- **Элетромиография** - электродтарды зерттейтін бұлшық ет нүктесіне медициналық желімнің көмегімен бекітеді
- **Гнатодинамометрия** - шайнау бұлшық еттерінің күшін анықтайтын объективті әдістерінің бірі
- **Гальванометрия** - әр түрлі металл қоспасынан жасалған протезді қолданатын науқастардың ауыз қуысының микротоктарын анықтау әдісі

Зертханалық зерттеу әдістеріне:

- тері сынамалары*
- микробиологиялық*
- Иммунологиялық*
- тері сынамалары*
- лейкопениялық*
- цитологиялық*

Рентгенологиялық зерттеу

- Стоматология саласында кең қолданылады:
- Ауызішілік рентгенография;
- ортопантомография.



Статистикалық әдістер

Көптеген авторлар тістердің шайнау тиімділігін анықтаудың тұрақты шамаларын Орнату мәселесін шешуде.

Н.И.Агапов барлық шайнау аппараттарының шайнау тиімділігін 100% деп қабылдап, Әрбір тістің шайнау қысымын пайызбен есептеді. Ол қалған тістердің шайнау коэффициенттерін қосу арқылы шайнау тиімділігін анықтады.

Шайнау аппараттардың бұзылуы туралы дерек алу үшін әдетте тістердің Санын анықтайды. Түзетімсіз шайнау тиімділігі 50%ға тең. Н.И.Агапов түзетуімен шайнау тиімділігі 0 құрайды, себебі науқаста қарама-қарсы тістердің бірде бір жұбы жоқ.

Жевательные коэффициенты зубов по Н. И. Агапову

Зубы	1	2	3	4	5	6	7	8	Всего
Жевательный коэффициент (в %)	2	1	3	4	4	6	5	—	25

Методика исчисления эффективности по Агапову Н.Н.

Отсутствие на одной или на обеих челюстях одного зуба	Потеря жевательной эффективности в %
Центрального резца	4
Бокового	2
Клыка	6
Первого премоляра	8
Второго премоляра	8
Первого моляра	12
Второго моляра	10

И.М.Оксман жоғарғы және төменгі жақ сүйектерінің жоғалтқан тістері үшін мынадай шайнау коэффициенттерін ұсынады.

И.М.Оксман жоғалған тістердің қызметтік құндылығы мен қатар қалған тістердің қызметін ескеру қажеттігін айтады. Қызметтік күй тіс қозғалғышы бойынша бағаланады.

Н.И.Агапов бойынша бір жақ сүйегінде бір тістің болмауы екі тістің жоқ болуына теңеседі.

Осы жайды ескеріп, И.М.Оксман жазуды бөлшек түрінде жазуды ұсынады: алымында – жоғарғы

Жақ сүйегінде шайнау тиімділігінің жоғалуын белгілейтін цифр жазылады, ал бөлімінде төменгі жақ сүйегінің шайнау тиімділігін жоғалуын белгілейтін цифр жазылады.

Шайнау тиімділігін Оксман бойынша есептеу Н.И.Агапов әдісіне қарағанда ыңғайлы, себебі дәрігер тіс жақ-сүйегі жүйесі туралы толығырақ түсінік алады.

Жевательные коэффициенты зубов по И. М. Оксману

Челюсть	Зубы								Всего
	1	2	3	4	5	6	7	8	
Верхняя	2	1	2	3	3	6	5	3	25
Нижняя	1	1	2	3	3	6	5	4	25

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

*Тері сынамалары –акрил
пласмассаларымен ,иек алдының ішкі
бөлігіне зерттелетін материалдың бөлігі
орнатылып, лейкопластырмен
жабыстырылады. Сынама 24сағаттан
кейін дайын болады.*

***-Лейкопениялық сынама** алмалы-салмалы
протездің негіздік пластмассасы
тудыратын аллергиялық стоматит үшін
саралау тесті*

МЕТАЛЛ ҚОСПАЛАРЫНАН жасалған протезді пайдалану кезінде
Дамыған стоматиттерді анықтау үшін мынадай талдаулар
жүргізіледі:

Сілекейдің спектрлі талдауы, атомды адсорбциялы
спектрометрия әдісі жоғары дәлдікпен сілекей микроэлементтерін
анықтай біледі.

Ферменттік белсенділікті анықтау

Зерттеудің цитологиялық әдісі бірнеше әдіспен алады:

Жағынды-дайын бетті зат шынысына салу жолымен:

Жағынды-қырындыны алу жолымен

Зерттеудің микробиологиялық әдісіне материал жинауға
зарарсыз пробиркалар не тығыз қоректік ортасы бар Петри ыдысы
қажет.

Қорытынды

Стоматологиялық науқасты тексеру барысында аурудың диагнозын нақтылау үшін көптеген әдістер қолданылады. Олардың әрқайсысының да үлкен маңызы бар. Дегенмен белгілі бір аурудың диагнозын анықтауда маман-дәрігердің біліктілігі басты рөл атқаратындығы дау тудырмайтыны ақиқат. Сондықтан да стоматологиялық науқасты тексеру әдістерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады: негізгі және қосалқы немесе арнаулы тексеру әдістері. Врач стоматологтар егер сіз жоғарыда айтылған тексеру әдістерін дұрыс жүргізіп дұрыс диагноз қоя білсеңіз ауруды алдын аласыз деген үміттеміз.

